

Ленин тұжы

ҚН(Б)П СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚН(Б)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 197 (867)

Сенбі

6 октябрь 1945 жыл

Шығуына 27-жыл
Неке саны 20 татын

Ауыл-селеңдік советтердің социалистік жарысын өрістетіп түсейік

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі республикамыздың ауыл-селеңдік советтерінің мереке хұрметіне ұйымдастырылған социалистік жарысы еңбекшілер арасында өндірістік зор өрлеу туғызғандығын атап көрсетті. Ауыл-селеңдік советтер колхоздардың жұмысына нақтылы басшылық жасады. Көктемгі өгісті өткізуде, егін-жыйнау мен мемлекетке астық тапсыруда, пішен шабу және мал қыстатуға әзірленуде колхоздарға қолма-қол көмектесті. Ауыл-селеңдік советтер бригадалардың, звенолардың, колхоздардың, МТС-тар мен совхоздардың саяси-шаруашылық жұмыстарына және мәдениет жұмыстарына, социалистік жарысына басшылық жасау ісін ойдағыдай ұйымдастырды. Сөйтіп ауыл-селеңдік советтер Қазақ ССР-ның 25 жылдығы хұрметіне ұйымдастырылған социалистік жарыстың алғашқы кезеңінде өдеуір табыстарға жетті.

Облысымыздың бірсыпыра ауыл-селеңдік советтері социалистік жарыстың алғашқы кезеңінде—көктемгі өгісті өткізуде, қолма-қол мал шаруашылығын өрістетудің мемлекеттік жоспарын орындауда және еңбекшілердің мәдени-тұрмыс қажетін өтеуде өдеуір табыстарға ие болды.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі облысымыздың бірталай ауыл-селеңдік советтері жұмысының айтарлықтай өрескөрігіні және ауыл-селеңдік советтердің социалистік жарысының барысы қанағаттанғысыз екендігін атап көрсетті.

Облысымыздың бірсыпыра ауыл-селеңдік советтері социалистік жарыс шартын орындай алмады. Өйткені аудандық атқару комитеттері ауыл-селеңдік со-

веттер мен тұрақты комиссиялар председателдерінің әрдайым мәслихатын өткізіп, онда социалистік жарыстың барысы және бригадаларда, фермаларда, колхоздарда, МТС-тарда, совхоздарда, кәсіп орындары мен мекемелерде жарыс шартының орындалуын тексерудің қорытындылары жөнінде мәселе қаралатын болсын.

Ауыл-селеңдік советтер тұрақты комиссиялардың жұмысын жақсартуға, социалистік жарыс шартының орындалуын тексеруге және колхоздар мен совхоздардың жұмысына нақтылы көмек көрсетуге міндетті.

Ауыл-селеңдік советтердің қызметкерлері колхоздарда көпшілік-үгіт жұмысының барысын мейлінше жақсартып, бұл жұмыстардың пәрменді жүргізілуін қамтамасыз ететін болсын. Мұнымен бірге, олар әсіресе мектептердің жұмысына нақтылы көмек көрсетуге тиіс. Мектеп жасындағы балаларды түгел оқуға тартуда, мектептерді отынмен қамтамасыз етуде, сойтіп мектептерде оқу жұмысының бірқалыпты жүргізілуін қамтамасыз етуде мектеп басшылары мен оқытушыларға үнемі көмектесіп отыру—ауыл-селеңдік совет председателдерінің және олардың қызметкерлерінің төн ісі.

Мемлекетке астық тапсыруда облысымыздың колхоз, совхоздары көшіргісіз артта қалды. Бұған кейбір ауыл-селеңдік советтердің председателдері мен қызметкерлері де кінәлі. Өйткені олар мемлекетке астық тапсыруда колхоз басқармаларына ойдағыдай көмектеспеді, бұл жұмысты дұрыс ұйымдастыру ісіне нақтылы басшылық жасамады. Социалистік жа-

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНДЕ

Қазақстанның халық ақыны, Сталиндік сыйлықтың лауреаты үш орденді Жамбыл Жабаевты мәңгі есте қалдыру және үй-ішін қамтамасыз ету туралы

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі қаулы етті:

1. 1946 жылы Алматы қаласында Жамбыл Жабаевқа ескерткіш орнатылсын.
2. 1946 жылы Жамбыл Жабаевтың өз ауылында қабыры үстіне ескерткіш қойылсын.
3. 1946 жылы Жамбыл атындағы колхозда 7 жылдық мектеп үйі салынсын.
4. 1946 жылы Алматы қаласында Жамбыл атында «жазушылар үйі» салынсын.
5. Жамбылдың ауылындағы жаңа үйінде Жамбыл атына әдебиет музейі ашылсын.

6. Мүлтіксіз жақсы оқушы студенттер үшін Жамбыл атына мынадай стипендиялар белгіленсін:

- а) С. М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінде әр қайсысы 400 сомнан екі стипендия;
- б) Алматының Абай атындағы Қазақ педагогика институтында әр қайсысы 400 сомнан екі стипендия;
- в) ССРО совет жазушылары Одағының Москвадағы әдебиет институтында қазақстандық студенттер үшін, Қазақ ССР бюджеті есебінен әрқайсысы 400 сомнан екі стипендия.

7. Үздік әдебиет шығармалары үшін Жамбыл атына біріншісі 20000 сом, екіншісі 10000 сом болып, екі сыйлық белгіленсін; бұл сыйлықтарды Қазақстан Совет жазушылары Одағының ұсынуы бойынша, Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің қаулымен берілетін болады.

Ауыл-селеңдік советтердің айбынды міндеті—Қазақ ССР-ның 25 жылдығы хұрметін ұйымдастырылған социалистік жарысты өрістетіп түсіп, колхоздардың, совхоздар мен МТС-тардың, өнеркәсіп орындары мен мекемелердің даңқты мерекені жаңа зор табыстармен қарсы алуын қамтамасыз ету болып саналады.

Астық тапсыру қарқыны еселеп күшейтілсін!

ХҰРМЕТ ТАҚТАСЫ

Қазақ ССР-ның 25 жылдығы атындағы бұйыл халықтық социалистік жарысқа ұштасып, мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындауда үздім шыққан мына колхоздар Дайындау Халық Комиссариаты облыстық өкілінің ұсынуы бойынша облыстық ХҰРМЕТ ТАҚТАСЫНА жазылады.

СОВЕТ АУДАНЫНАН:

«МАНҒҰЛ» колхозы (председателі Санбаев жолдас). Бұл колхоз мемлекетке 922 центнер орнына, 944 центнер астық тапсырып, жоспарды 102 процент орындады.

«ҮЛГІ» колхозы (председателі Некембаев жолдас). Бұл колхоз мемлекетке астық тапсыру жоспарын 100 процент орындады.

ПРИЕШІМ АУДАНЫНАН:

«БОЛЬШЕВИК» колхозы (председателі Царик жолдас). Колхоз астық дайындау жоспарын 100 процент орындап, жоспардан тыс 1800 пұт астық тапсырды.

Жас керуеншілер бригадаларының социалистік жарысы

Мамлют ауданының колхоздарында ұйымдастырылған комсомол-жастардың керуеншілер бригадалары мүшелерінің арасында дайындау орнына астықты негүрлім жылдам жеткізу жолындағы социалистік жарыс күннен-күнге өріс алууда. Комсомол-жастар бригадаларының мүшелері өздерінің алдына—колхоздың бірінші парызын мүлтіксіз орындауға барынша көмектесу міндетін қойып отыр.

Дайындау орнына астық тасудағы социалистік жарыста үздік келе жатқандардың бірі—Каганович атындағы колхозда ұйымдастырылған Күрман Айытов жолдас басқарған жас керуеншілер бригадасы болып отыр. Бұл бригаданың мүшелері 8 арбамен элеваторға 1500 пұт астық жеткізді. «Зерновая фабрика» колхозындағы Тенянов жолдас басқарған комсомол-жас-

тарға ие болды. Бұл бригаданың мүшелері 25 километрдегі дайындау орнына 9 көлікпен 12 мың пұт астық тасыды.

Ауданда мемлекетке астық тапсыру жұмысының қарқынды күшейтуге көмекші болып отырған мұндай таңдаулылар олар саналады. Мәселен, «Память Кирова» колхозындағы Анатолий Гончаров жолдас басқарған керуеншілер бригадасы соңғы бес күндіктің қорытындысында комсомол-жастар бригадаларының бәрінен озғып шықты. Бригада дайындау орнына, 8 арбамен 15 мың пұт астық тасыды.

Гончаров жолдас басқарған керуеншілер бригадасы мүшелерінің ойдағыдай жұмыс істеуі колхоздың астық дайындау жұмысының барысында ауданда бірінші орынға ие болуын қамтамасыз етті. Сонымен «Память Кирова» колхозында

Облысымыздың егі даласында

ЕГІН ЖЫЙНАУ. Облыстық жер бөлімнің мәліметі бойынша, 4 октябрьде облыс колхоздарында 320013 гектар егіліп, жоспар 84,6 процент орындалды. Егін оры жөніндегі облыс бойыншағы бір күнді өсім 4938 гектар болды. Бұл күні Көкшетау ауданының колхоздарында бірде-бір гектар егін орылмады. Барлық орылған егіннің 137468 гектары комбайнмен жыйналды, 134604 гектар егін малланды. Комбайнмен жыйнауын қоса есептегенде 179259 гектар егін бастырылды.

Егіннің Октябрь ауданының колхоздарында 94,4, Петропавл ауданының колхоздарында 91,2, Соколов ауданының колхоздарында 87,6, Приешім ауданының колхоздарында 87,4, Преснов ауданының колхоздарында 86,2, Мамлют ауданының колхоздарында 84,8, Ленин ауданының колхоздарында 84,1, Полудень ауданының колхоздарында 82,6, Совет ауданының колхоздарында 77,3, Булаев ауданының колхоздарында 77,2 және Көкшетау ауданының колхоздарында 71,2 процент орындалды.

ЗЯБЬ ЖЫРТУ. Облыс колхоздарында 37865 гектар зябь жыртылды. Бұл жерлердің 21,6 процентінен аздап ғана зябь жыртылды. Зябь жыртуда соңғы бір күнді—446 гектар болды. Бұл күні Көкшетау ауданының колхоздарында бірде-бір гектар зябь жыртылмады. Ал Петропавл ауданының колхоздарында 5 гектар, Соколов ауданының колхоздарында 19 гектар, Октябрь ауданының колхоздарында 20 гектар ғана зябь жыртылды.

жұмыстарына жеткіліксіз көмектесті. Соның салдарымен бұл аудандардың ауыл-селеңдік советтері егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыруда қолхоздарға нақтылы көмектеспеді. Егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыруда бұл аудандардың көшіркісіз артта қалуына негізгі себептердің бірі осы.

Ауыл-селеңдік советтердің Қазақ ССР-ның 25 жылдығы хұрметіне ұйымдастырылған социалистік жарысының екінші кезеңі басталды. Социалистік жарыстың екінші кезеңінде облысымыздың ауыл-селеңдік советтері озаттар қатарына қосылуда тиіс. Бұл үшін аудандық атқару комитеттері ауыл-селеңдік советтердің жұмысына, социалистік жарысына үнемі басшылық көрсетіп, көмектесіп отыратын болсын. Аудандық атқару комитеттері социалистік жарыс шартын орындау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға нақтылы көмек көрсету үшін аудандық активтерден ауыл-селеңдік советтерге қызметкерлер жіберуге тиіс.

Мұнымен бірге, ауыл-селеңдік совет ат

тік жарысына басшылық жасап, «Қазақ ССР-ның 25 жылдығы хұрметіне ауыл-селеңдік советтердің республикалық социалистік жарысын ұйымдастыру туралы» қаулыны мұлтіксіз орындауын қамтамасыз етуді тапсырды.

Ауылдық-селеңдік советтердің қызметкерлері Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің осы тапсырмасын ойдағыдай орындау үшін қабілеттік және іскерлік көрсетіп, барлық күш-мүмкіншілікті жұмсауға тиіс.

Ауыл-селеңдік советтер езінің жұмысын неғұрлым жақсартуға, Қазақ ССР-ның 25 жылдығы хұрметіне ұйымдастырылған социалистік жарыс шартын мұлтіксіз орындау шығуға міндетті.

Ауыл-селеңдік советтердің айбынды міндеті—Қазақ ССР-ның 25 жылдығы хұрметіне ұйымдастырылған социалистік жарысты өрістетіп түсіп, қолхоздардың совхоздар мен МТС-тардың өнеркәсіп орындары мен мекемелердің даңқты мерекені жаңа зор табыстармен қарсы алуын қамтамасыз ету болып саналады.

Генерал Генри Д. Крирарды 1-дәрежелі Кутузов орденімен наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Біріккен Ұлттардың ортақ жауы—гитлершія Германияға қарсы күресте Канада қарулы күштерінің ұрыс қыймылда

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председетелі
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі
Москва, Кремль. 1945 жылғы 2 октябрь.

М. КАЛИНИН.
А. ГОРКИН.

К. Ф. Рылеевтің туғанына 150 жыл толуына арналған салтанатты мәжіліс

3 октябрьде астана жұртшылығы орыстың аса көрнекті ақыны, декабрист К. Ф. Рылеевтің туғанына 150 жыл тоған күнін өткізді. Мемлекеттік әдебиет музейінің және ССРО ғылым Академиясының Горький атындағы дүние жүзілік әдебиет институтының біріккен мәжілісіне ғалымдар, әдебиетшілер, оқытушылар, профессорлар және астананың жоғарғы дәрежелі оқу орындарының студенттері қатысты.

Рылеевтің әдеби қызметі жөнінде баяндама және Рылеев туралы табылған жаңа мақалалар жөнінде хабар тыңдалды. Көп уақытқа дейін Рылеевтің «Войнаровский» және «Думы» деген шығармаларының қолжазбалары жоғалды деп есептеліп келген. Ал, бұл қолжазбалар өткен ғасырдың 70-жылдарында кітап бастырушы Селивановскийдің тағы басқа мақалаларымен бірге Москвадағы заң министрлігінің архивіне келіп түскен. Қазір бұл қолжазбалар мемлекеттік орталық архивде сақтаулы. Қолжазбада автор мен цен-

зорлардың бірсыпыра жазулары бар. Мысалы, «Думыда» Рылеевтің мынадай жазуы бар: «Менің Воронеж қаласында болған кезімде гвардия капитан Петр Александрович Муханов, Сізден мына қолжазбаны Москва университетінің цензура комитетіне беріп, одан қайтарып алуды өтінімін. К. Рылеев. 1824 жылғы ноябрьдің 14 күні».

Зерттеушілердің пікірі бойынша, Рылеев декабристердің тапсырмасын орындау үшін Воронежға келген көрінеді. Бұл әлі күнге дейін анықталмаған факті.

Рылеевтің шығармалар жыйнағын кітап кып басып шығару жөніндегі хабарда қызықты. Бұл жұмысқа бұдан 75 жыл бұрын атақты тарихшы және сыншы П. А. Ефремов қатысқан. Рылеевтің шығармаларын басып шығару ісіне ақынның қызы А. Е. Пушкина белсене қатысқан. Мемлекеттік әдебиет архивінде оның Ефремовқа жазған хаты сақтаулы.

Басқармасына 1946 жылы Жамбыл шығармаларының толық жыйнағын қазақ және орыс тілдерінде бастырып шығару міндет етілсін.

9. Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі жанындағы полиграфия және баспа Басқармасына 1946 жылы Жамбылдың суретін көптеп бастырып шығару міндет етілсін.

10. Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі жанындағы архитектура істері Басқармасына 1946 жылы Жамбылдың кеуде суретін (бюст) көптеп әзірлеу міндет етілсін.

11. Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің қорынан Жамбылдың үй-ішіне 50 мың сом бір жолғы жәрдем берілсін.

12. Жамбылдың үй жандарына, мынадай мөлшерде дербес пенсиялар белгіленсін:

а) Жамбылдың немерелері—Қуаныш Алғадайұлы, Ділдахан Қоқан қызы және Қайыржамал Қоқанқызы Жамбыловтарға, Бекназар және Манат Борантаевтарға оқуын бітіргенге дейін айына 300 сом нан;

б) Жамбылдың қыздары—Құлтай Борантаеваға және Ақбала Жамбыловаға айына 300 сомнан өмірлік пенсия белгіленсін.

Советтер Одағының Маршалы Советтер Одағының Батыры А. Василевскийге екінші рет „Алтын Жұлдыз“ медалі мен Ленин орденін тапсыру

Украин ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председетелі М. С. Гречуха көше, 3 октябрьде, Кремльде, жапон империалистеріне қарсы күрес майданында ұрыс қыймылдарын басқару жөнінде жоғарғы Бас командованиенің жауынгерлік тапсырмаларын үлгілі орындап, мұнымен бірге қол жеткен табыстары үшін наградталған Советтер Одағының Маршалы Советтер Одағының Батыры А. Василевскийге екінші рет «Алтын Жұлдыз» медалін тапсырды. Сонымен бірге оған туғанына 50 жыл толуына байланысты оның мемлекет пен Қызыл Армия алдында аса зор еңбек сіңіргені үшін Ленин ордені тапсырылды.

(ТАСС).

АЛТЫ МӨЛШЕР ОРЫНДАДЫ

ЛЕНИНОГОР. Лениногордағы Комсомол жастар бригадаларының социалистік жарысында Колгер жолдастың бригадасы бірінші орын алуы. Республика мерекесінің хұрметіне стахановтық вахтаға тұрып, бұл бригада мөлшерді алты еседен асыра орындады. Қолөнер мектебін бітірген Изотов мөлшерді күн сайын бес (ҚазТАГ).

Возвышен астық совхозы егін жыйнау да көшіркісіз артта қалды. Шынында бұл совхозда егін жыйнау жұмысының дұрыс ұйымдастырылмағандығынан болып отыр. Лобогрейкалар мен комбайндардың болмауы себептермен тәулік бойына тоқтап тұруы мұнда жиі кездеседі. Ал егінің дәні түсіп жатыр.

Астық тапсыру жұмысының барысы бұдан да нашар. Бұған мемлекетке астық тапсыру жұмыстарының әлі күнге дейін 23,4 процент ғана орындалғандығы толық дәлел бола алады. Қазір совхоздың ашық қырмандарында 100 мың пұттай астық үйіліп жатыр. Өйткені совхоздың барлық тасымал күші астық тасу жұмысына шығарылмай келеді, көлік бос жүр. Сол сияқты астық тасуға сыйырларды пайдалану ісі әлі күнге дейін қолға алынбаған.

Совхоз партия ұйымының секретарі Золотухин жолдас, егін жыйнау мен астық

дайындауды мерзімінде аяқтауға барлық күшті жұмсап жатырмыз дейді шімірілген. Бұл шындық емес. Одақтық Халық Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталық Комитетінің «1945 жылғы егінді жыйнау және ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау туралы» қаулысы совхоз жұмысшыларына жете түсіндірілмеген. Жұмысшылар арасында Қазақ ССР-ның 25 жылдығы атындағы социалистік жарыстың ойдағыдай ұйымдастырылуы қамтамасыз етілмеген. Үгітшілер жұмыс басында оқта-текте ғана болады.

Совхоз директоры Титов жолдас әрбір жұмысшының егін даласында өнімді жұмыс істеуіне жағдай жасау орнына, бұл мәселеге немқетті қарады. Қаладан көмек келген адамдардың түрмыс хажетін тыңшылықты өтемеді, оларды жатақ үй мен, азық-түлікпен жабдықтамады.

Т. ЖЕТПІСБАЕВ.

Қазақ ССР-ның 25 жылдығы мерекесін өткізетін үкмет комиссиясында

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен КК(б)П Орталық Комитетінің тауыспалы Қызыл Туын бәру туралы

Қазақ ССР 25 жылдығы атындағы социалистік жарыстың 1945 жылғы август айындағы қорытындыларын және Қазақ ССР-нің тиісті халық комиссариаттары мен басқармаларының қорытындысын қарап, мерекелік үкмет комиссиясы төменде аталған кәсіп орындары мен ұйымдарды социалистік жарыста озып шықты деп тауып, Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен КК(б)П Орталық Комитетінің тауыспалы Қызыл Туын беруге қаулы алды:

ҚАЗАҚ ССР ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІБІ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫ БОЙЫНША

Семейдің былғары комбинатына (директоры Андреев, партия ұйымының секретарі Бернштейн, завод комитетінің председетелі Кептелева жолдастар) Семейдің «Большевичка» тігін фабрикасындағы Қызыл Ту алынып берілсін.

ҚАЗАҚ ССР ТОҚЫМА ӨНЕРКӘСІБІ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫ БОЙЫНША

Түркістан мақта тазалау зауыдына (директоры Усманов, партия ұйымының секретарі Бичурин, завод комитетінің председетелі Мингазетдинова жолдастар. Қарғалы шұға комбинатындағы Қызыл Ту алынып берілсін.

ҚАЗАҚ ССР ЖЕРГІЛІКТІ ОТЫН ӨНЕРКӘСІБІ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫ БОЙЫНША

Оңтүстік Қазақстан облыстық жергілікті отын өнер кәсібіне (бастығы Түрсынбетов жолдас).

ҚАЗАҚ ССР ҚАЛА ШАРУАШЫЛЫҒЫ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫ БОЙЫНША

Алматы су трубасы басқармасында (басқарушысы Көненко жолдас) бұрын берілген Қызыл Ту қалдырылсын.

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ ҚОЛ ӨНЕРІ КООПЕРАЦИЯСЫНЫҢ БАСҚАРМАСЫ БОЙЫНША

Алматы қалалық тігіншілер қол өнеркәсібі одағының «Ковровщина» артеліне (артель председетелі Нечитайло, партгорі Новолонина жолдастар).

ҚАЗАҚ ССР ТАМАҚ ӨНЕРКӘСІП ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫ БОЙЫНША

Алматының жеміс-көкөрі комбинатына (директоры Рубцов, партия ұйымының секретарі Батурина, завод комитетінің председетелі Лазарев жолдастар) бұрын берілген Қызыл Ту қалдырылсын.

ҚАЗАҚ ССР ЕТ-СҮТ ӨНЕРКӘСІБІ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫ БОЙЫНША

Қарағандының май зауыдында (директоры Хурсанов жолдас) бұрын берілген Қызыл Ту қалдырылсын.

ҚАЗАҚ ССР АҒАШ ӨНЕРКӘСІБІ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫ БОЙЫНША

Бесқарағай ағаш өнеркәсібі шаруашылығына (директоры Галанин, партия ұйымының секретарі Никанов, жұмысшылар комитетінің председетелі Нурилов жолдастар).

Од алған міндеттемені аброймен орындады. Қазір 500 гектар егін жыйнау жұмысінші гектарға алқ басты, жеткен табысы үшін Дүйсеменов облыстық хұрмет тақтасына жазығалы сыйлықтар алды. Е. БИМЕ

КОСПАРДАН ТЫС АС ТАПСЫРУДА

Булаев ауданының Карл Маркс ауыл шаруашылық артелінің (дәтелі Сәрсенбаев жолдас) мүшелерлер кезінде, ысырапсыз жыйнап алатын мемлекетке астық тапсыру жөніндегі мерзімінен бұрын орындау жолын бай жұмыс істеді. Осының нәтижесінде олар ауданда бірінші болып егін аяқталды, мемлекетке астық тапсыруын 100 процент орындап, қоспардан тыс астық тапсырып жат

М. ЕГІЗЕ

ҚАЗАҚ ССР ЖЕРГІЛІКТІ МАҢЫ БАҒ ОРМАНДАР БАСҚАРМАСЫ БОЙЫНША

Көкшетау облыстық ормандар масына (бастығы Домашов жолдас) ҚАЗАҚ ССР ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАР БОЙЫНША

Петропавл орталық электр станция (директоры Булатов, партгорі Ков, завод комитетінің председетелі Кушкин жолдастар).

ҚАЗАҚ ССР ЖЕР ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫ БОЙЫНША

Ақтөбенің «Большевик» зауыдының директоры Тыллин, партия ұйымының ретарі Правдов, завод комитетінің дәтелі Коваленко жолдастар) бұрын берілген Қызыл Ту қалдырылсын.

ҚАЗАҚ ССР САУДА ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫ БОЙЫНША

Қарағандының облыстық сауда мәсінде (директоры Бесплемянный жолдас) бұрын берілген Қызыл Ту қалдырылсын.

ҚАЗАҚ ССР ЖЕРГІЛІКТІ ӨНЕРКӘСІБІ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫ БОЙЫНША

Көкшетау облысындағы жергілікті өнеркәсіп бөліміндегі (мөңгерушісі жолдас) Қызыл Ту социалистік партиялар орындамағандықтан алынып.

Қазақ және ұлы орыс халықтары достығының тарихи тамырлары

Совет халқының Ұлы Отан соғысында айқын көрінген халықтар достығы идеологиясының тарихи тамырлары бар. Советтер Одағы халықтарының бұл достығының негізі ұлы орыс халқымен бірлесудің хажеттігін түсінгендік, оның ұлы таны—Ресейді хұрметтеушілік орыс халқының даңқты тарихи даму жолына үскен кезінен басталады. Орыс халқы тарихының танында бұрынғы Ресей империясының езілген халықтарының бәрі шет ел басқыншыларына қарсы, патша үкіметіне және помещиктік-капиталистік ұрылымға қарсы біріктіріп, олардың заттық күресін, басшылық етті. Орыс халқы, оның таңдаулы адамдары ұлт аяқтарындағы езілген халықтардың мүддесін қорғады. Қазақ халқының өмір жолы, оның өткен тарихы, орыс халқымен тарихи байланысы бұған айғақ. Қазақ және орыс халықтарының жақындасуы, ұның негізінде бұл екі халық арасында достық орнауы ерте заманда басталды, ұған бірлесіп тарихи себептер болды.

Біріншіден, XVI ғасырдың аяқ жөнінен істап, қазақ халқының орыстармен шаруашылық жөнінде байланыс жасап, өсіп-өну сауда істеуге, олардан өнеркәсіп қымдарын алуға шұғылдануы;

Екіншіден сыртқы жағдайлар: мысалы, Жоңғар қалмақтары, Қытай, Ортазия хандықтары қазақтың тәуелсіздігіне зұлм күшті хауіп тугызған кезде қазақ халқы және оның сол кездегі басшылары (Әбілхайыр мен Аблай) әрдайым оның қуатты көршісі—Ресейге қол артып, онан көмек алуға ұмтылғаны себеп болды;

Үшіншіден, орыс және қазақ халықтары шет ел басқыншыларына, патша үкіметіне, феодалдық-капиталистік қысымға өзі өз елінің феодалдарына, байларына, сұлтандарына қарсы күш біріктіріп күрескені себеп болды.

Шекараға жақын аудандарды жайлаған қазақ рулары орыс халқымен ежелден сауда қатынасын жасауға ұмтылып іді. Айырбас, сауда арқылы қазақ халқы орыс халқымен аралас, екі арада етық қарым-қатынас орнай бастады. Орыс халқымен экономика жөнінде байланыс жасауға қазақ халқы қандай мүддесі болғаны мынадай мысалдан да көруге болады. Қасым ұлы Кенесары көтерілісінің бас кезінде орыстардың қазақ даласындағы саудасына тоқтап салып, бұрын патша үкіметінің отарлаушыларын қазақ даласынан кетіруге көзлегенде, орыс

Е. БЕКМАХАНОВ,
Тарих ғылымдарының кандидаты.

ғаң жоқ, қайта оның шаруашылығындағы, мәдениетіндегі табыстарды үйренуге ұмтылды. Осының өзі қазақ және орыс халықтарының сол кездің өзінде жақындасуына, олардың тарихи тағдырының бірлесуіне себеп болды.

Орыс және қазақ халықтарының жақындасуына сыртқы саяси себептер де болды. Дербес үш жүзге бөлінген Қазақстан сыртқы хауіпке көп кездесті. Өзін XVI ғасырдың 20—30 жылдарында қазақ даласына Жоңғар мемлекетінің шабуылы жасау хауіпі төнді. Бұл хауіп өте-өте күшейген кезде қазақ халқының сол кездегі қырағы басшылары, оның ішінде Әбілхайыр, оған кейін Аблай Ресейден жәрдем сұрады. 1730 жылы Әбілхайыр Ресейдің қол астына қарап, оның көмегіне сүйенді.

1756 жылы қытай әскерлері Жоңғарияға басып кірген кезде Ресейдің Сібірдегі жерлеріне хауіп төнді. Ресейге хауіп төнгенін білген Аблай Ресей патшасына елшілер жіберіп, орыс әскерімен бірге өзінің қытай әскерлеріне қарсы соғысуға даярлығын білдірді. Тарихшы Левшин бұл туралы былай деп жазады: «Аблай сұлтан да орыстарды жақтан қытайларға қарсы соғысуға уәде берді. Бұл уәдесін ыспаттау үшін ол Ресейге екі елші жіберді. Бұл елшілер Аблайдың ешуақытта қытайға бағынбағанын, әр дайым Ресей жағында болғанын айтты».

Сонымен, сыртқы саясат жағдайы шешеніп, Қазақстанға хауіп төнген кездерде Әбілхайыр мен Аблай артта қалған, кертартпа Орта Азия хандықтарына қол артпай, әрдайым өздерінің қуатты көршісі—Ресейге қол артып келді. Қазақ даласын билеген Әбілхайыр мен Аблай бұл ісімен, сөз жоқ, ілгері ұмтылды.

Орыс және қазақ халықтарының жақындасуына бір жағынан олардың тарихи тағдырының бірлігі, екінші жағынан шет ел басқыншыларына қарсы, патша үкіметіне және помещик-басыбайлылық қысымға қарсы, өз елінің феодалдарына, байларына, сұлтандарына, хажілеріне қарсы күш біріктіріп күресуіне себеп болды.

Революцияға дейін қазақ халқы екі жақтан бірдей өзінің феодалдарынан, байларынан, сұлтандарынан және патша үкіметінің отарлаушыларынан қысым көрді. Қазақтың феодалдары мен байлары

емес, ұлт аймақтарының халықтары да шет ел басқыншыларына қарсы соғысқа аттанып, орыс мемлекетінің бөстандығы мен тәуелсіздігін қорғады. Мәселен 1812 жылғы бірінші отан соғысы кезінде қазақ халқының кейбір таңдаулы адамдары өз ықтырымен орыс армиясына қосылып жауға қарсы күреске аттанды. Кіші жүз Тамаша руынан Нарымбай Жанжігітов 1812 жылғы отан соғысына қатардағы жауынгер болып қатысып, ерлік көрсетті, мұның үшін орденмен және екі медальмен наградталды. Онан басқа бұл соғысқа қатардағы жауынгер, офицер ретінде бірнеше қазақ қатысты.

Патша өкімет орындарының қудалауынан қазақ даласына қашқан орыстар да қазақ халқының патша үкіметіне қарсы ұлттық-азаттық күресіне белсенін қатысты. Мәселен, Қасым ұлы Кенесары бастаған 1837—1847 жылдардағы көтеріліске қатысқан орыстар болды. Ресейдің ішкі жағдайына жеңілдік келтіру ниетімен патша үкіметі XIX ғасырдың 20—30 жылдарында Ресейдің орталық аудандарының шаруаларын қазақ даласына іргелес Сібірге, Орынбор өлкесіне күшпен көшірді. Бұл шаруалар қазақтардың көтерілісіне өте-өте тілектес болды. Орынбор мен Сібірдің қазақ орыс әскерінде қызмет еткен жаңа алынған солдаттар да патша үкіметінің тәртібіне наразы болды. Орынбордың шекаралық комиссиясының председатели Генс Кенесарының көтерілісі алдында бұл шаруалар мен Орал қазақ орыстарының ниеті қандай болғаны туралы былай деп жазды: «Орал қазақ орыстарының не істері мәлім емес. Олардың аттарының өзі олардың бұрынғы істерін еске түсіреді. Қалай да оларға сенуге болмайды. Заводта істеуші шаруалардың да хауіпті болуы мүмкін».

Көтеріліс болған аудандардағы әртүрлі ұлттардың жеке адамдары Кенесарының көтерілісіне алғашқы күндерден бастап қосылды. Патша үкіметінің қудалауынан қазақ даласына қашқан орыстар, татарлар, башқұрттар, өзбектер қазақтарға қосылып, өздерінің ортақ жауы-патша үкіметіне қарсы шықты. Олар Кенесарыға қару-жарақ жасаушы отряд бастығы, Кенесарының хатшысы болып қызмет етті. Бұлардың көтеріліске қатысуы туралы бас штабтың барлық білгісі хат

Орыстардың Кенесары көтерілісіне қатысуын кездей соң іс деп қарауға болмайды, ежелден орыс және қазақ халықтарының тағдыры бір болғандықтан және бір-біріне тілектестігінен, өздерінің феодалдары мен патша чиновниктерінен бірдей қысым көргендіктен деп қарау керек.

1870 жылғы Маңғыстаудағы қазақ көтерілісіне де орыстар қатысты.

Орыс және қазақ халықтарының ортақ жауға, шет ел басқыншыларына және патша үкіметіне қарсы күш біріктіріп күресуі негізінде қазақ халқы орыс халқының алдыңғы қатарлы мәдениетіне жақындады. Орыс халқының демократияшыл интеллигенциясының өкілдері, орыс революционерлері орыс және қазақ халықтарының жақындасуына көп еңбек сіңірді.

Патша үкіметінің жойқын қысымы жағдайында ұлы ағартушылар—Герцен, Белинский, Чернышевский патшалық—басыбайлылық құрылысты әшкерелеп, халық арасында революциялық—демократиялық үгіт жүргізді, сөйтіп елде жайпай революциялық қозғалыстың басталуын тездетті. Орыс халқының ағартушылары ұлт аймақтарының езілген халықтарының мүдделерін белсенділікпен қорғады. Олардың демократиялық идеялары патша үкіметінің неше түрлі бөгет жасағанына қарамастан, саяси жер аударылғандар арқылы ұлт аймақтарына таралды. Қазақ халқының ағартушылары 60-жылдардағы орыс ағартушы-демократтарының идеялары бойынша тәрбиеленді. Қазақтың алғашқы ағартушылары Шоқан Уәлиханов, Ыбрай Алтынсарин, Абай Құнанбаев орыстың алдыңғы қатарлы демократияшыл интеллигенциясын өздерінің ұстазы деп таныды. Қазақ халқы орыс мәдениетіне бастап жапастырған, ұлы орыс халқымен дос болуға шақырған солар болды. Олар қазақ халқы орыс халқымен біріккенде ғана ел болады. Ұлттық мүдделері сонда ғана орындалады деп білді.

Орыс халқының алдыңғы қатарлы мәдениетінің алғашқы жаршысы болған, ұлы орыс халқына ең алдымен достық қолын созған өзінің алғашқы ғалімдері Шоқан, Абайды және Ыбрай Алтынсаринді қазақ мәңгі ұмытпайды.

Алғашқы орыс революциясы кезінде, Қазақстанның үлкен қалаларының бәрінде большевиктердің ұйымдары құрылып, патша үкіметіне қарсы ортақ күреске басшылық еткен кезде орыс және қазақ

Жапония жөніндегі Бақылау Кеңесі туралы

ЛОНДОН, 2 октябрь. (ТАСС). 29 сентябрьде Американың Лондондағы елшілігі Америка Құрама Штаттарының мемлекеттік секретарь Биристың Англия үкіметінің Жапония жайындағы саясатпен байланысты мәселелер жөнінде Қызыр Шығыстық кеңес комиссиясын құру туралы Америка Үкіметінің ұсынысына келісім беретіндігі жайында Англияның Сыртқы Істер министрі Бевиннен мәлімдеме алғандығы туралы хабар жариялады. Сол сияқты, бұл хабарда кеңес комиссиясын құруға Советтер Одағы мен Қытайдың келісім бергендігі де атап көрсетілген.

Мұнымен қатар, Советтер Одағы мен Қытайдың комиссия құруға бұдан бұрын келісім бергендігіне сүйене отырып, Бирис Қызыр Шығыстық Кеңес комиссиясын құру туралы өзінің Бемі мырза мен келіскендігі туралы В. М. Молотовқа мәлімдеме жасады.

В. М. Молотов бұған жауап ретінде 1 октябрьде Бирис мырзаға хат жіберді. В. М. Молотов өзінің бұл хатында одақтас тараптың Жапония жөніндегі болжап отырған бақылау механизмінің құрылуына Совет Үкіметінің зор маңыз беретіндігін хабар етті. В. М. Молотовтың жауабында бұдан әрі былай делінген:

«Қазіргі уақытта мен, ең алдымен, Совет Үкіметінің Жапония жөніндегі кеңес комиссиясын белгілеу туралы ұсыныспен келіскендігі туралы Сіздің мәлімдемеңіздің қазіргі жағдайды дәлме-дәл ыспаттай алмайтындығын мәлімдеуге тиіспін. Кеңес комиссиясын құрудың кешеуілдетілгендігіне және Жапониядағы жағдайдың өзгергендігіне байланысты, Совет Үкіметі, 24 сентябрьде-ақ Сыртқы Істер Министрлерінің Кеңесіне Меморандум тапсырып, Құрама Штаттары, Ұлы Британия, Советтер Одағы мен Қытай өкілдерінен Құрама Штаттар өкілінің председатели

дік етуімен Жапония жөнінде Бақылау Кеңесін құру туралы, бұл Бақылау Кеңесінің мекені—Токио етіп белгілеу туралы ұсыныс жасаған болатын.

Совет Үкіметі әзірше соғыс өңірі бақылау және жапон қарулы күштері әл қарусыздандырылмаған кезде Жапонияны бақылау жөніндегі барлық міндеттерді түгелдей одақтастардың бас қолбасшысын жүктеу үшін негіз бар еді. Алайда, соғыс өңірі жойылған кезде, одақтастардың алдында жаңа міндеттер, ең алдымен, саяси, экономика және қаражат жайындағы міндеттер қойылды. Бұл міндеттерді орындау үшін Жапонияны талқандау ісін де шешуші іс атқарған одақтас төрт мемлекет оның араға түсіп, іс жүргізуі арқылы Жапония жөнінде жарасты саясат жүргізіп, бірлесіп жауапты болатындай одақтастар аралық орын құру хажет Совет Үкіметі бұрынғысынан, жоғарыда аталған 24 сентябрьдегі меморандумда айтылған бағытын ұстауда.

Хатының соңында В. М. Молотов, Жапония жөніндегі Бақылау Кеңесімен қатар, Америка өкілдерінің ұсынысында көрсетілгендей, тағы да АҚШ өкілінің председателдік етуімен және одақтас төрт мемлекеттен басқа, Жапонияға қарсы соғысқа белсені қатысқан елдерді де қоса отырып, одақтастар аралық кеңес комиссиясын құруды Совет Үкіметінің тиімді іс деп білетінін атап көрсетті. «Бірақ»,—делінген В. М. Молотовтың хатында бұдан әрі,—Совет Үкіметі одақтастар аралық мұндай кеңес комиссиясы Жапония жөніндегі Бақылау Кеңесін құру туралы одақтас төрт мемлекеттің үкіметтері қарар қабылдағаннан кейін құрылуға тиіс деп есептейді. Өйткені бұл қарарды кейінге қалдыру едәуір қиыншылық келтіреді».

Біріккен ұлттардың дайындық комиссиясы атқару комитетінің қарары

ЛОНДОН, 4 октябрь. (ТАСС). Біріккен Ұлттардың дайындық комиссиясы атқару комитетінің кеше болған мәжілісінде Біріккен Ұлттар ұйымының түпкілікті орналасатын жері туралы мәселе талқыланды. Бұл жайында әртүрлі пікірлер айтылды, сөйтіп сайып келгенде, екі ұсыныс да уыс беруге қалдырылды.

Біріншіден, Біріккен Ұлттар ұйымының түпкілікті мекені етіп АҚШты сайлау

туралы ұсыныс. Бұл ұсыныс 9 дауыспен қабылданды. Ұсынысқа үш дауыс қарсы шықты және 2 адам дауыс бермеді.

Бұдан соң председатели Біріккен Ұлттар ұйымының түпкілікті мекені ретінде Европаны сайлау жөніндегі ұсынысты дауысқа қойды. Бұл ұсынысқа 3 адам дауыс беріп, 7 дауыс қарсы шықты және 4 адам мүлде дауыс бермеді.

Генерал Эйзенхауэрдің есеп беруі жайында

ВАШИНГТОН, 30 сентябрь. (ТАСС). Генерал Эйзенхауэрдің 20 августа алғаш-

қарусыздандырылған әскерлері деген топтаға бөлетіндігі атап көрсетілген. Англия

дің тілегін орындап, Кенесары қазақтардың жергілікті орыс халқымен сау-істеуін өзі қолдаған.

Қазақ халқының орыс халқымен қам-қатынасының орасан зор мәдени ма-ззы болды. Қазақтар орыстардың тұр-асымен, шаруашылығымен танысты, рылық істе орыстарға еліктеуге, олардан ыренуге тырысты. Қазақ даласындағы ыртқы округтер басқармасының XIX ға-рдың 30-жылдарындағы есебінде: ыстармен жиі араласып жүруі себеп-дырғыздар отырықшылық тұрмысқа бірек дағдыланып, бірсыпырасы үйлер-зып, өгін еге бастады» делінген.

Қазақ пен орыс халқының бір біріне-з қарасын сипаттай келіп, 1860 жылы-хаммұх Салих Бабажанов былай жаз-ы: «Қырғыздарды тәуір көру орынсыз-месе таң көретін орысты түсіне алмай-п және ондай орыс бар деп білмеймін:-и білген нағыз байырғы орыстар қай-қытта және қай жерде болса да қыр-здарға рахымшылықпен, адалдықпен-қсы қарайды». Орыстың жазушылары-и ғалымдары да өз тарапынан қазақ-ралы жақсы пікірлер айтқан. Шығыс-терінің зерттеушісі атақты ғалым-Григорьев XIV ғасырдың 50-жылда-нда өзінің көпшілікке арпаған мақа-тары мен зерттеулерінде қазақтардың-рлікті орыс халқына адалдықпен, ан ниетпен қарайтынын, сол сыяқты-ыстар да қазақтарға жақсы қарайты-н, оларға әрдайым сенетінін, ұзақ мө-рге неснеге астық, товар беретінін-ады.

Орыс халқымен араласа келе қазақтар-ерінің шаруашылығын жақсартуға ұм-ла бастады. XIX ғасырдың 50-жылда-нда С-Петербургке барған бір топ қа-з орыстардың өгін шаруашылығы, қол-а ағаш егетіні, мал тұқымын асыл-дыруы, ауыл шаруашылық сайманда-ездеріне ұнағанын айта келіп, былай-жазған: «Біз, қырғыздар, көпшелі-ықпыз, бырыңғай мал өсірумен күн-өміз. Бізге асыл тұқымды малдарыңыз-көрсетіндер, біздің шаруашылықтың-арту керек екенін түсіндіріңдер... Бізге-іздің өгін шаруашылығыңызды, жақ-машинна саймандарыңызды көрсетің-а, ағаш соқа мен кетпеніміздің болы-дығын біз түсінеміз. Сіздердің ферма-шыңыз, ауыл шаруашылық сайманда-рыңыз, үлгілі шаруашылықтарыңыз бар-ың бәрін бізге көрсетіңдер... европа-с өнердің, құрал-сайманның артықшы-ығын бізге іс жүзінде түсіндіріңдер...-өзіміздің қуаң даламызда ағашқа-тажбыз: бізге ағаш өгуді үйретіндер...-а, газ, электр, гальванизм дегеннің не-гін түсіндіріңдер».

Қазақ халқы орыс халқын жатырқа-

шалы Ресей ұлт аймақтарын өзінің отары-ден танып, жергілікті халықтарды рахым-сыз талады, теңсіздікке, жоқшылыққа-ұшыратты. Патша үкметінің ұлт аймақ-тарындағы саясаты бұл аймақтардың шаруашылығы мен мәдениетін өсірмей-оларды Ресейдің шикі байлық қорына-айналдыруды көздеді. Сталин жолдас бы-лай деп жазды: «Қалың бұқараны құл-дықта, надандықта ұстау үшін патша-үкметі шет аймақтарда ақсақалдық-фео-далдық қысымды әдейі өршітті. Тұрғын-елдерді нашар аудандарға ығыстырып, ұлт арастығын күшейту үшін патша үк-меті шет аймақтардың жақсы жерлеріне отарлаушыларды әдейі орналастырды».

Патша үкметінен және өздерінің езуші-лерінен бірдей қысым көрген Ресейдің революциядан бұрынғы барлық халықта-ры өздерінің ортақ жауларына және езу-шілеріне қарсы күресу үшін өзара күш-біріктіруге ұмтылды. Бұл күреске ұлы-орыс халқы басшылық етті. Тарихи жағ-дайлар себепті қазақ халқы көп уақыт-қа дейін орыс халқымен қол ұстасып, жауына қарсы күресе алмады, бірақ-олар бір-біріне тілектес болып келді. Мұны кіші жүз қазақтарының 1773-75-жылдардағы Пугачев бастаған шаруалар-көтерілісіне қатысуы да ыспаттай алады.

Орыс халқының отанына сырттан ха-уіп төнген кезде тек орыс халқы ғана

Орыс солдаттары Кенесарының көтері-лісшілеріне соғыс өнерін үйреткен. Кене-сарының інісі Сейдахан Орынбордың ше-каралық комиссиясына берген жауабын-да: «Орыстар қазақтарға жаяу әскер-тәртібін, мергендік өнерді үйретеді» дей-ді.

Орыстың қашқын солдаттары Белешев-пен Кичик Малкин Кенесарыға отряд бас-тығы болып қызмет еткен. Аюшин Орын-бордың шекаралық комиссиясына Малкин-туралы қызық мәлімет берген: «Кенесары-Кичикты байдың қызына үйлендіріп, бас-тық қылып қойды, оның қарамағына 40-адам берді. Оны осы адамдармен өзінің ор-дасына ұстайды... Қазір Кенесарының бас-жасауылы Хүснi (башқұрт), екінші-жасауылы Кичик көрінеді... Кичик онда-балуандығымен атаққа шыққан. Кене-сары оған батыр Мұрат деп ат қойған».

Кенесарының қолына түскен орыс офи-цері барон У—рдың айтуынша, оны бір-ден Кенесарының секретарі бір орысқа-апарған. Бұл орыс барон У—рға өзінің-қай губернадан келгенін айтпаған. Кене-сарының тұтқыннан босаған орыс сол-даттары мен өзмет орындарының тың-шылары да бір орыстың Кенесарыға хат-шы болып қызмет атқаратынын айтып-келген. «Оның екі тілмашы бар: біреуі-Тройскі қаласының татары, екіншісі өзін-офицер деп атайтын орыс».

ӨНЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫНДА СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫС

Социалистік жарыс өріс алуда

Н. Заводының жұмысшылары мен ин-женер-техник қызметкерлері республика-мыздың 25 жылдығы атындағы бүкіл ха-лықтық социалистік жарысты өрістет-е отырып, сентябрь айының өндірістік жос-парын 103 процент орындауға міндеттен-ген болатын. Олар жоспарды күн сайын, анта сайын толық және артығымен орын-дау нәтижесінде айлық жоспарды мерзімі-нен едәуір бұрын орындады.

Жеке цехтар, бригадалар мен жұмыс-шылар арасындағы социалистік жарыс-тың қортындысы ұдайы шығарылып-отырды. Аалдың қатарылардың тәжіри-белерін коллективтің игілігіне айналдыру-жөнінде тыңғылықты жұмыс жүргізіл-ді. Мұның нәтижесінде завод жұмысшыла-рының көпшілігі дерлік жұмыс мөлшерін-ұдайы артығымен орындауға жетісті. Ай-лық қорытынды да жұмысшылардың мөл-шерді орындауы орта есеппен 107 про-цент болып шықты. Мұның өзі еңбек-өнімділігінің жоғарғы дәрежеде болғанын-менаттайды.

Завод коллективі Агарков жолдастың-жұмыс әдісін кең түрде қолдана отырып,

шикі заттарды, отынды үнемдеу, мәши-налардың қуатын толық пайдалану жө-нінде де елеулі табыстарға жетті. Мұның-нәтижесінде өнімнің түсер бағасы жоспар-бойынша 2 процент арзандатылу орнына-3 процент арзандатылды.

Губин жолдас бастық болып істейтін-цехтың жұмысшылары сентябрь айының-өндірістік жоспарын 104 процент орын-дап, социалистік жарыста бірінші орын-ға, ие болды. Еліміздің күш-қуа-тын арттыра беру үшін еңбек үлгісін көр-сетіп келе жатқан озат жұмысшылар да-аз емес. Комсомол-жастар бригадаларын-ұйымдастырып, олардың арасында социа-листік жарысты кең өрістетуге Мусина-жолдастың бригадасы жаршы болды. Бұл-бригада өз мүшелерін өндірістік маман-дығын арттырып, еңбек-өнімділігін артты-ру жөнінде көп жұмыс істеді. Соның нәти-жесінде олар айлық өндірістік жоспарды-үнемі 120-150 процент орындап келеді.

Материалдарды үнемдеп пайдалану жө-нінде заводтың инженер-техниктері бір-сыпыра игілікті ұсыныстар жасап, оларды-жүзеге асырды. М. ДЕНИСЕННО.

бірге орыс және қазақ халықтарының-тәуелсіздігін көздеген ұлттық-революция-лық күрестің жаңа ұрандарын көтерді. Еліміздің халықтарының жаңа дәуірдегі-ұлттық-азаттық қозғалысы пролетарлық-жеңімпаз революцияның басты күштері-нің бірі болды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы-ССРО халықтары достығының берік не-гізін қалады. Бұрын езілген ұлт аймақта-рының халықтары Ресей империясын-мекендеген барлық халықтардың теңдігі-негізінде өздерінің мемлекетін орнатып, ұлт тәуелсіздігіне қолы жетті. Лениннің, Сталиннің қолма-қол басшылығымен, ұлы-орыс халқының туысқандық көмегімен-Қазақстан советтік шығыстағы күшті-қуатты республикалардың бірі болды.

Советтер Одағының барлық халықтары-сыяқты қазақ халқы да ұлы орыс хал-қымен тығыз ынтымақ жасап, бұрын-өзілген халықтардың бәрін бахытты жө-не ерікті тұрмысқа жеткізген Ленин—Сталин партиясы төңірегіне топталған-да ғана өркендейтінін жақсы біледі. Ха-лықтардың туысқандығы мен достығы-идеологиясын, халықтардың бостандығы-мен тәуелсіздігін хұрметтеу идеологиясын-таратушы Ленин—Сталин партиясы ғана-өліміздегі барлық халықтардың бұдан-былай да бахытты өмірін қамтамасыз-етеді.

Коммунистер авангардтық роль атқаруда

Петропавл вагон жөндеу пунктінің-коллективі алдында жөндеу жұмысының-сапасын мейлінше жақсарту сыяқты зор-міндет тұрды. Бұл міндетті табысты шө-нуде коммунистер зор еңбек сіңірді. Олардың басшылығымен жөндеу жұмыс-ның сапасын жақсарту айлығы өткізілді. Оған барлық жұмысшылар түгелдей-катысты.

Жөндеу жұмысында коммунистер үлгі-көрсетіп, коллективті өндірістік өрлеуге-бастады. Коллектив арасында Қазақстан-ның 25 жылдық мерекесі атындағы со-циалистік жарыс кеңінен өріс алды. Ва-гон шебері коммунист Нитанько жолдас-өндіріс жұмыстарын ойдағыдай ұйымдас-тырып, жұмысшылар күшін әрбір учаске-ге дұрыс бөлді. Осының нәтижесінде бұл-бригада күнделік жұмыс мөлшерін 120-процент орындады. Токарь коммунист-Матвеев жолдас екі жарым мөлшер орын-дады. Жұмысшы Иванов жолдас жұмыс-мөлшерін 200 процент, слесарь, Борисов-жолдас күнделік жұмыс тапсырмасын-150 процент орындады.

саяси және экономикалық жағдайдың-ға алды. Сол сыяқты, 35 мыңдай соғыс-жоспарлары қысқаша түрде атап көрсетіл-ген. Америка соғыс өкмет орындарының-германның барлық қарулы күштерін екі-топқа: соғыс тұтқындары мен дұшпанның-белсенділер орындарынан алынды.

Паттон Американың 3-армиясы қолбасшысының қызметінен босатылды

ЛОНДОН, 3 октябрь. (ТАСС). Генерал-Эйзенхауэрдің генерал Паттонды Америка-ның 3-армиясы қолбасшысы қызметінен-босатып, оны оккупациялаушы әскер күш-терінің қатарына кірмейтін 15-армияның-қолбасшысы етіп тағайындағандығын-Лондон радиосы хабар етті. Қазіргі уа-қытта 15-армияның міндеті Америка әс-керлерінің Европа соғыс науқанына қаты-суы туралы есеп жасау болып саналады.

Америка еңбек құрамасының кәсіпшілер одақтары кәсіпшілер одақтарының дүние жүзілік конференциясын құттықтауда

НЬЮ-ЙОРК, 3 октябрь. (ТАСС). «Дели-Уоркер» газетінің хабары бойынша, Аме-рика еңбек құрамасының қатарындағы-кәсіпшілер одақтарының 300 басшысы-кәсіпшілер одақтарының Париждағы Жү-ние жүзілік конференциясына құттықтау-телеграмма жіберді. Бұл телеграммада-олар Америка еңбек құрамасынан конфе-

ренцияға өкілдер жіберілмегендігіне өкі-піш білдірген.

Телеграммаға Америка еңбек құрама-сын кәсіпшілер одақтарының дүние жүзі-лік конференциясына қатыстыру үшін іс-жүргізу жөніндегі комитеттің председате-лі Уорд қол қойған.

АҚШта ереуіл қозғалысы

НЬЮ-ЙОРК, 4 октябрь. (ТАСС). Юнай-тед Пресс агенттігінің хабары бойынша, АҚШта ереуілшілердің жалпы саны 450-мың адамға жеткен. Ереуілге шыққан 30-мың мұнайшы жұмысшылар мен өнеркә-сіп орындары иелерінің арасындағы жан-жалды шешу ісіне еңбек министрінің ті-келей кірісіп отырғандығына қарамастан, мұнайшылар әлі де ереуіл жасауда.

Шебер жұмысшылардың кәсіпшілер-одақтарына бірігу үшін нұрсат беруді та-лап етуге байланысты 4 штатта 90 мың-кеңші жұмысшылар ереуілге шықты. Шахта иелері бұған қатты наразылық-білдіруде.

Петропавл ет комбинатының фабрик-за-вод мектебі 1945—46 оқу жылында оқушы-лар қабылдайды. Мектеп мынадай маман-дар: мал союшылар, шек сұрыптаушылар, консерв және шұжық жасаушылар, қаныл-тырдан ыдыс жасаушылар дайындайды.

Мектеп кемінде 4—7 класс көлемінде-білімі бар 1927 жылдары туған жастарды-қабылдайды.

Мектепте оқуымын деушілердің қолын-да: паспорты, жасы және білімі туралы-қуәлік, азық-түлік карточкасын алмаған-дығы жөнінде анықтама, туған туысқанда-рының қайда қызмет істейтіндігі туралы

Нью-Йоркте жүк тиеуші 18 мың жұмыс-шы ереуіл жариялады. Телефон бірлестік-терінің 200 мың қызметкері егер ортақ-шарт жасалмайтын болса, онда ереуіл-жариялаймыз деп хауіп тугызуда.

Индиана штаты губернаторының ереуіл-жасаушы жұмысшылардың «Стандард-Ойл компани Оф Индиана» фирмасына-қарасты аса ірі мұнай заводын торуыш-тоқтату үшін штатта әскери тәртіп ор-натылады деп хауіптендіріп отырғанды-ғын Юнайтед Пресс агенттігі хабар етті.

Жауапты редактор
В. ОСПАНОВ.

анықтама, ден саулығы туралы қуәлік бо-лу керек.

Оқушыларға айына 74 сомнан 112 сомға-дейін стипендия, күніне үш рет теңіз та-мақ беріледі, киім-кешекпен қамтамасыз-етіледі. Басқа жерден келгендер төсек-орынмен, жатақ үймен қамтамасыз етіледі.

Өткізгіштер күн сайын (жексенбі күні де-рінен басқа күндері) тамертеңгі сағат 9-дан-күндізгі сағат 4-ке дейін қабылданады.

Адрес: Петропавл қаласы, Қаржы-ады-көшесі, 43-үй.